

Павлодар облысы Баянауыл ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 86/9 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 11 қаңтарда N 2855 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11 бабының 3 тармақшасына, Баянауыл ауданы мәслихаты мен әкімдігінің (III сайланған IX сессиясы) 2004 жылғы 30 маусымдағы "Павлодар облысы Баянауыл ауданының бос қалған селолық елді мекендерді тарату туралы" N 62 бірлескен шешіміне, облыс әкімдігінің 2004 жылғы 17 қарашадағы "Баянауыл ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" N 275/9 қаулысына сәйкес облыстық Мәслихат пен облыс әкімдігі ШЕШІМ Е Т Е Д І :

1. Павлодар облысы Баянауыл ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Ақсан ауылдық округінің қоянды, Пограничник, Сымтас, Юность ауылдары, Бірлік ауылдық округінің Байты, Жаман, Жантайма ауылдары, Жаңажол ауылдық округінің Қарашоқы, Топбасы ауылдары, Қаратомар ауылдық округінің Үшқайын, Жайма ауылдары, Құндыкөл ауылдық округінің Базарбек, Керегетас-1, Керегетас-2 ауылдары, Қызылтау ауылдық округінің Бабалы ауылы, Ұзынбұлақ ауылдық округінің Оңай ауылы, Күркелі ауылдық округінің Ақтай ауылы елді мекен мәртебесінен айырылуына байланысты таратылсын және кейіннен есептік деректерден шығарылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық Мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау және ақпараттық саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы А. Гуськов

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов

Облыстық Мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров